

қабілетті маман дайындау. Ол үшін мұғалімнің білімі мен біліктілігі оның педагогикалық шеберлігіне ұштасуы керек. Педагогикалық шеберлік дегеніміз –үнемі жетілдіріп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өнерінің негізі. Ол өнерге балаларды сүйетін және өз қалауымен жұмыс істейтін әрбір ізденімпаз педагогтің қолы жетуі мүмкін. Педагог – өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнін терең меңгерген, ғылымның тиісті салаларынан хабардар, әсіресе, балалар психологиясының, жас ерекшеліктерінің мәселелеріне қанық, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік меңгерген адам болуы тиіс. Дүниеде адамды тәрбиелеп, азамат тандырғаннан артық абырой мен құрмет жоқ. Сондықтан, ұстаздың сапасын ең жоғары деңгейге көтеру –уақыт талабы дейміз. Өйткені, келешек ұрпақтың барлығы ұстаз қолынан өтіп, тәлім-тәрбие алады. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылық ерекшелігі –оның сабақты түрлендіріп, қосымша материалдармен байытып, тұлғаның жүрегіне жол таба білуінде. Ұстаз атана білу, оны қадір тұтып, қастерлеу, арын таза ұстау –әр мұғалімнің борышы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // «Ақиқат», №1, 2013 ж.
2. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Т.2. – Алматы: «Жазушы», 2002ж.
3. Мұғалім беделі – ел абыройы // «Егемен Қазақстан», 14 тамыз 2010 ж.
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан білім қоғамы жолында // «Егемен Қазақстан», 5 қыркүйек 2012ж.
5. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: «Ғылым», 1988 ж.
6. Басты мақсат – білім сапасы // «Мәдени мұра», 2012 ж.
7. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992 ж.
8. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан //Қазақстан халқына
9. Жолдауы//, 28.02.2007.

БАСКЕТБОЛШЫЛАРДЫҢ ЕРІК-ЖІГЕР ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ

*Мұқышев Ғ.,
Ы.Алтынсарин ат. Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институтының студенті.
Ғылыми жетекші: Төлегенов Т.,
дене мәдениеті және спорт
кафедрасының оқытушысы*

Қазіргі баскетбол жылдамдықпен ептілікті көп қажет ететін ойын. Оған дәлел баскетболдағы күтпеген жағдайдағы ұмтылыс, күшті жылдамдықпен жүгіріп келе жатып кілт тоқтау және ойын кезінде жақын қашықтыққа өте жылдам жүгіру, жалт бұрылу. Баскетболшы ойынның 40 минут уақытында көп мөлшердегі секірулер мен түрлі лақтыру қимылдарын жасайды. Жүгіру мен секірулердің ерекшеліктері лақтырулар алаңының көлеміне қатысты емес.

Баскетбол ойыны кезінде ойыншылар қысқа мерзімде түрлі қимылдар жасайды және қажет болған жағдайда бір қалыптан екінші қалыпқа тез өзгереді, бұлардың барлығы қарсы ойыншылардың қимылдарына байланысты болып келеді. Түрлі қимыл-қозғалыс әсерінен денеге түсетін күшке байланысты баскетболмен айналысу ішкі ағзалардың жетілуіне әсер етеді (дем алу, қан айналымы, т.б.). Қозғалыстар бірте-бірте дәл және нақты болады. Бұлшық ет күштері өседі, дененің дұрыс қалыпта өсуіне жағдай жасалады. Ойын барысында түрлі қимылдар тек қана спортшы өз еркімен шешім қабылдап, ойын ыңғайына байланысты жедел

іс-әрекет жасай білгенде ғана жүзеге асады. Ол үшін ойын жағдайына дұрыс назар аудару білу, қалыптасқан жағдайды тез аңғару және оны есте сақтау қажет. Баскетбол ойынының әдіс тәсілдерін үйренуде және оған жаттығуда мектеп оқушылары баскетбол ойынының техникасы мен тактикасын үйреніп қана қоймай, сонымен бірге дене даярлығының деңгейін біршама жоғарлатады. Спортшының дене сапалары. Жалпы дене сапаларын дамытудың әдістері мен тәсілдері. Техника ойыншының тәсілі болып табылады, ойыншылардың қорғаныс пен шабуылдағы ұтымды қимылын және қарсыластарына қарсы тұруға мүмкіндік береді. Кәзіргі замандағы техника-күрес жүргізудің формалары мен әдістерінің тарихи дамуының нәтижесі. Уақыт өткен сайын әдістер саны, сондай-ақ оның маңыздылығы өзгеріп отырады. Уақыттың әрбір тарихи бөлігі неғұрлым ұтымды әдіс – тәсілдерді тудырады сондықтан кәзіргі замандағы тәсілдердің барлығын білу қажет және белгілі бір уақытқа неғұрлым тиімді, маңызды болып табылатын тәсілдерді анықтайтын ойынның даму үрдісіне баса назар аудару қажет.

Ойынның белсенді түрде дамуы кәзіргі заман техникасының әр алуан болуына әкеп соқтырады. Ойын динамикалық, шабуылдық рең алады, қарапайым және ұтымды, орын ауыстырудың жылдамдығы мен жеделдігі, тиімділігі мен дәлдігі байланысып отырады. Кәзіргі уақыттағы тактика тәсілдерді орындау сипатын анықтайды, осыған орай әр түрлі ойыншылардың қозғалыстары өзінше ерекшеленіп әр түрлі сипат алады. Тәсілдерді қолданғандағы барлық қимылдар ретсіз болмайтындықтың, керісінше, сәйкес жағдайдағы байланысты заңдылықпен қайталайтындықтан, оларды топтастыруға, яғни жүйелеуге болады.

Жүйелеу дегеніміз – белгілі бір нышандар негізінде барлық тәсілдер мен әдістерді бөлімдер мен топтарға қатар бағынған бөлініс. Осындай нышандарға алдыменен тәсілдің мақсаттық бағыты, қимыл сипаты, сондай-ақ қимылдардың кинематикалық және динамикалық құрылымдарының ерекшелігі жатады.

Қимыл сипатына қарай барлық қозғалыстарды екі бөлімге бөлуге болады: шабуыл техникасы және қорғаныс техникасы. Бұлардың әрқайсысына доппен және допсыз орындалатын әр түрлі сипаттағы қозғалыстар тобы кіреді: орын ауыстыру техникасы, допқа ие болу техникасы, допты тартып алу және әдістерге қарсы қимыл. Бұл топтарға ойын үшін әр түрлі маңызы бар қимылдар кіреді. Мысалы, орын ауыстыру тобына неғұрлым ыңғайлы бастапқы жағдайда, ойыншының орын ауыстыруын қамтамасыз ететін немесе қозғалыстың тоқтауына әсер ететін тәсілдер кірген.

Допқа ие болу техникасы тобына баскетболшының допты өз командасында ұстап қалу үшін, оны қарсыластардың кәрзеңкесіне жақындату үшін және шабуылды аяқтау үшін қолданатын барлық қозғалыстар кіреді.

Допты тартып алу және тәсілдерге қарсы қимыл техникасы тобына допты тартып алып, қарсыластарға сәтті тәсіл қолдануға кедергі жасауды мақсат еткен барлық қозғалыстар кірген. Қандай да бір іс-қимылдың нәтижесінде жететін мақсат барлық қозғалыстарды тәсілдерге бөлуге мүмкіндік береді. Мысалы допты қағып алу, беру.

Тәсіл бұл техниканың негізгі буыны. Ойын кезінде пайда болған жағдайларда әр түрлі қозғалыстардың көмегімен бірақ мақсатқа жетуге болады. Сондықтан, тәсілді қолдануға әсер ететін әдістердің бірнеше түрі бар. Әрбір әдістің өзі де бірнеше түрге бөлінеді. Әрбір тәсілді сызба түрінде былайша көрсетуге болады: қозғалыс міндеті – қозғалыс жүйесі – қозғалыс нәтижесі. Қозғалыс жүйесінің өзі бөлімдерден және олардың өзара байланысынан құрылады.

Жүйенің бөлімдері, яғни оны құрайтын элементтер - фаза деп аталады.

Бұл қозғалыс жүйесінің ең кіші элементі. Фазаның қашан басталғанын, ұзақтығын, қашан біткенін айырып анықтайды.

Қозғалысты фазалар бірінен кейін бірі келеді. Бір мәрте қозғалыста үш фазалық құрам болады. Дайындық фазасы, жұмыс фазасы және соңғы фаза.

Дайындық фазасы сыртқы жағдайдағы тәсіл қолдануға биімдеу мақсатына қызмет етеді, соның салдарынан ол ең қозғалғыш элемент. Жұмыс фазасы тәсілдегі ең негізгі фаза. Ол тәсіл қолданудың сәттілігіне себепші болады. Жұмыс фазасы неғұрлым тұрақты болса,

қозғалыс соғұрлым жетік болады. Соңғы фаза әрі қарай жасалатын қимылдардың мүмкіндігін немесе орындалған қозғалыстарды бақылауды анықтайды.

Жұлқыну шапшаң үдеу. Жұлқынудың көмегімен қозғалыстың бағыты өзгертіледі және қарсыластан құтылу мүмкін болады. Жұлқыну үшін спринтерлік жүгірудің техникасы қолданады, бұл кезде аяқ аяқтың басына тіреледі де, жиі-жиі қысқа адым жасалады.

Қосалқы адымдар-баскетболшының тік тұруынан адым қозғалыс бағытында алғашқы тұрған аяқтан басталады. Осы адыммен табан өкшеден аяқ басына тіреліп қойылады. Жұмсақ сырғанап қимылдап, оған екінші аяқ

жақындап, алғашқы жағдайға келеді.

Екі аяқ қосалқы адым кезінде айқаспау керек, баскетболшы секірмей, байсалды орын ауыстыру керек. Қосалқы адымдап алға, артқа, оңға, солға жылжуға болады. Әсіресе оларды қорғаныс кезінде, қарсы қимыл жасағанда

қарсы қолданады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Портнов Ю.М. Баскетбол. – М.:ФиС,1988.
2. Семашко Ю.М. Баскетбол. – М.:ФиС,1976.
3. Би Клер Упражнения в баскетболе. – М.:ФиС,1972.
4. Буйалин Ф.Ю. Мини-баскетбол в школе. – М.: изд. Просвещение,1976.

АҚАН СЕРІ – ХАЛЫҚ СҮЙІКТІСІ

*Нағашыбай С.Н.
ҚМПИ Тарих және өнер факультеті
Музыкалық білім, 1-курс
Ғылыми жетекшісі:
Ақбужурова С.Ж.*

Ақан сері, Ақжігіт Қорамсаұлы (1843 жылы бұрынғы Көкшетау облысы, Үлкен Қоскөлдiң маңы — 1913 жылы, сонда) — ақын, әнші, композитор.

Әкесінің есімі Қорамса, шешесі — Жаңыл. Ақан сері жас кезінен өнерімен көзге түсіп, кейін ақындық, әншілік өнері кемелденген соң алты алашқа аты мәлім сері атанған. Әуелі ауылда, содан соң Қызылжардағы Уәли (Ахметуәли) молдадан оқыған. 16 — 17 жасынан өнер жолына түскен. Шоқанның қазасына көңіл айтып, оны Көкшенің биігіне, теңіздегі кемеге теңейді, “40 темірдің қылауын қосқан өнерпаз” деп бағалайды.

Жасынан халықтың ән-күйінен сусындап, өзіне дейінгіәншілік дәстүрді толық меңгерген Ақан сері бертін келе, жігіт шағында серілік құрып, өзі де ән шығарады. Көкшенің сұлу табиғатына көз тігіп, оны албырт сезімді, әсерлі музыка үніне бөлейді. Осы әншілік өнерде Ақан сері жалғыз болмайды. Айналасына әнші-күйші жастарды жинап, өзгеше бір өнерлі топ болып ел аралайды. Ақын, әнші серілердің бәрімен достасады. Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Естай, Иман Жүсіп, Құлтума сияқты атақты ақын-әншілер Ақан серінің ең жақын достары болған. Олардың бәрі Ақан серінің әншілік өнеріне игі әсер еткен, композиторлық талантын жетілдіріп, шеберлік, суреткерлік талғамын шыңдай түскен. Ол қазақтың ұлттық өнерін профессионалдык биікке көтеріп, дәстүрлі өнердің классикалық үлгісін жасады. Сан қырлы дарындылық, поэзия мен музыканың телқозыдай табысуы, өзіне ғана тән нақыш, жоғары деңгейдегі орындаушылық шеберлік — Ақан сері шығармашылығына тән басты-басты қасиеттер. Қазақ мәдениетінің алтын қорына Ақан серінің елуге жуық мұрасы енген. Ақан сері шығармаларытұнықтығымен, образдар әлемінің тереңдігімен және тілінің шырайлылығымен, айрықша талғампаздығымен, нақыштық тазалығымен ерекшеленеді. Оның шығармашылық болмысының басты қасиеттері — өмір